

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 сәуірдегі N 331 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ғарыштық байланыс және радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі республикалық орталығы" акционерлік қоғамы 2006 жылға арналған сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутниктерінің техникалық тапсырмалары мен техника-экономикалық негіздемелерін әзірлеу жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі:

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутниктерінің техникалық тапсырмалары мен техника-экономикалық негіздеулерін әзірлеу жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасауды;

2) ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабының 3 және 4-тармақтарын сақтауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі